

ЖҮЛДЕЛІ ТАКТИЛЬДІ КІТАП



Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының ұйымдастыруымен «Ерекше кітаптар әлемі» жобасы аясында «Саусақ ұшындағы инклюзия» байқауына Б. Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапхана қызметкерлері байқауға өз жұмыстарын ұсынды.

«Ән күй аспаптары» тактильді кітабы және «Бағдаршам» бедерлі суреті.

Республикалық «Саусақ ұшындағы инклюзия» байқауына барлық облыстардан 100 – ден астам жұмыстар қабылданып, оның ішінде іріктеуден 30 – дан астам тактильді кітап өтті. Республикалық «Саусақ ұшындағы инклюзия» байқауының қорытындысы бойынша біз жасаған «Ән күй аспаптары» тактильді кітабы «Үздік тактильді кітап» номинациясымен ІІІ дәрежелі дипломмен, «Бағдаршам» бедерлі суреті Алғыс хатпен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Кітапханашы әріптестерімізге алғыс білдіріп, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілейміз!

Б. Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасы